**REVIEW**

**of foreign scientific supervisor for Ussenova Malika Ermukhammatovna`s dissertation work on theme " Development of social activity of junior schoolchildren with hearing impairments in the lessons of subject-practical education" for getting the degree of Doctor of Philosophy (PhD) in "6D010500 - Defectology"**

Relevance of the research and its connection with general scientific and general state programs: The humanistic significance of social changes in modern Kazakhstan is the recognition of person as the highest value of society, combination of public and private interests, creating conditions for active and creative personality. Thus, modern native system of special education has entered the stage of accumulation of innovative processes. According to the relevance of Ussenova Malika Ermukhammatovna's dissertation research topic "Development of social activity of junior schoolchildren with hearing impairments in the lessons of subject-practical education" that conducted an experimental study to determine the relevance of the fact that social activity in primary school pupils with hearing impairment does not occur spontaneously, and defined that its development requires special work from primary school age. The return of hearing-impaired pupils to the general culture is an important task of practical deaf pedagogy. However, it can be said that the level of theoretical and practical development of this topic is low and its comprehensive development has not yet been clearly developed because the concept of social activity is in the focus of modern and foreign psychologists, social activity of children with special educational needs is not specifically considered. The author has thoroughly studied this issue in practical and theoretical terms. A number of issues that determine the relevance of chosen research topic were considered as a result of research. In addition, one of the most important objectives of modern educational process at present is the development of social activity of pupils, as well as the development of social activity of primary school pupils with hearing impairment. I appreciate the step of Ussenova Malika Ermukhammatovna in choosing a topic. The relevance of dissertation can be considered as a work in which the goals and objectives of the research are solved.

The degree of validity and authenticity of results, inferences and conclusions: The novelty and value of the dissertation lies in the development of scientific-practical model for the development of social activity of primary school pupils with hearing impairments. The author identified a teacher survey to develop social activity of hearing-impaired primary school pupils as one of the main methods of diagnosing social activity of children of primary school age with hearing impairment on the basis of formative experiment. Features of social activity of primary school pupils at the level of emotional-value, cognitive and activity-behavior of the individual were identified. A scientific -practical model for the development of social activity of children with hearing impairments has been developed. A program of correction of social activity through the development of communicative

competencies of primary school pupils with hearing impairments has been developed. The combination of these results allows the conducted study of Usenova Malika Ermukhammatovna to assess social activity as a new perspective direction of theoretical and practical development.

Theoretical and practical significance of results: The theoretical significance is determined by the importance of social activity as a value characteristic of the individual, which is reflected in the social value of initiative, performance, responsibility and achievements.

- In accordance with the place and role of this phenomenon in the development of the hearing impaired, an important description of expanded content of "social activity" and a new definition of "personality of the initiator" was given in terms of educational and socio-cultural significance;
- Features of social activity of primary school pupils at the levels of emotional-value, cognitive and activity-behavior were defined;
- A scientific-practical model for the development of social activity of children with hearing impairments was made;
- A program of correction of social activity through the development of communicative competencies of primary school pupils with hearing impairments was made.

The main provisions, results, conclusions of dissertation research, sufficient completeness confirmation of publications: She passed a scientific internship at the Academy of Special Pedagogy named after Maria Grzegorzewska of the Republic of Poland (Warsaw). More than 11 scientific publications were published, including 1 article in the Scopus database and 3 articles in journals listed by the Committee on Quality Assurance in Education and Science in order to publish the results of dissertation research work. 7 scientific articles were published in Kazakhstani journals and materials of international scientific-practical conferences. The completeness of research materials published in publishing house is confirmed by the main principles and results of the publications of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan and fully complies with the requirements.

Compliance with the requirements of scientific qualification for research work:

I consider the dissertation of Ussenova Malika Ermukhammatovna for getting the degree of Doctor of Philosophy (PhD) in "6D010500 - Defectology" on the topic "Development of social activity of primary school pupils with hearing impairments" to be independent, generally completed, written in accordance with the requirements of the dissertation. I recommend Ussenova Malika Ermukhammatovna`s dissertation work to defend at the Dissertation council for getting the degree of Doctor of Philosophy (PhD) on "Development of social activity of primary school pupils with hearing impairment".

**Foreign scientific supervisor:**
**PhD doctor, Academy of Special Education named after Maria Grzegorzewska (Warsaw, Poland)** **Diana Aksamit**

Diana Aksamit

AKADEMIA PEDAGOGIKI SPECJALNEJ
im. Marii Grzegorzewskiej
02-353 Warszawa, ul. Szczęśliwicka 40
skr. poczt. 34, tel. 589 36 00

«6D010500 – Дефектология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған **Усенова Малика Эрмухамматовнаның** «Заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшісінің

## ПІКІРІ

**Зерттеудің өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы:** Қазіргі Қазақстандағы әлеуметтік өзгерістердің гуманистік мәні – адамды қоғамның ең жоғары құндылығы деп тану, қоғамдық және жеке мүдделерді үйлестіру, белсенді және шығармашылық тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау. Осылайша, отандық арнайы білім берудің заманауи жүйесі инновациялық үрдістерді жинақтау кезеңіне аяқ басқан. Усенова Малика Эрмухамматовнаның «Заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту» атты диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі бойынша есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларындағы әлеуметтік белсенділік өздігінен пайда болмайтындығы, ал оның дамуы бастауыш мектеп жасынан бастап арнайы жұмысты қажет ететіндігін анықтап эксперименттік тұрғысынан зерттеу жұмыстарын жүргізді. Есту қабілеті нашар оқушыларды жалпы мәдениетке қайтару- практикалық сурдопедагогиканың маңызды міндеті болып табылады. Алайда, әлеуметтік белсенділік ұғымы заманауи және шетелдік психологтардың назарында болғанмен, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік белсенділігі арнайы қарастырылмағандықтан. Бұл тақырыптың теориялық және практикалық даму деңгейінің төмендігін және оның кешенді әзірлемелері осы күнге дейін нақты жасалмағандығын айтуға болады. Автор бұл мәселені практикалық және теориялық тұрғыда жан жақты зерттеген. Зерттеу нәтижесінде таңдалған зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтайтын бірқатар мәселелер қарастырылған. Сонымен қатар, бүгінгі таңда заманауи білім беру процесінің маңызды міндеттерінің бірі – оқушылардың әлеуметтік белсенділігін дамыту, сонымен қатар есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Усенова Малика Эрмухамматовнаның тақырып таңдаудағы қадамына оң баға беремін. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі жан жақты ашылған зерттеу мақсаты мен міндеттері шешімін тапқан еңбек деп санауға болады.

**Нәтижелердің, тұжырымдар мен қорытындылардың негізділік және шынайылық дәрежесі:** Диссертацияның жаңалығы мен құндылығы есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік

белсенділігін дамытудың ғылыми-практикалық моделі жасалынғандығында. Қалыптастырушы эксперимент негізінде автор есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту үшін оқытушылардың сауалнамасын есту қабілеті зақымдалған бастауыш мектеп жасындағы балалардың әлеуметтік белсенділігін диагностикалаудың негізгі әдістерінің бірі екендігін анықтады. Бастауыш сынып оқушыларының жеке басының эмоционалды-құндылық, танымдық және белсенділік-мінез-құлық деңгейлеріндегі әлеуметтік белсенділігінің ерекшеліктері анықталды. Есту қабілеті зақымдалған балалардың әлеуметтік белсенділігін дамытудың ғылыми-практикалық моделі жасалынды. Усенова Малика Эрмухамматовнаның жүргізген зерттеуі әлеуметтік белсенділікті теориялық және практикалық дамытудың жаңа перспективалы бағыт ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

**Нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы:** Теориялық маңыздылығы бастамашыл, орындаушылық, жауапкершілік пен жетістіктердің әлеуметтік құндылығында көрініс табатын жеке тұлғаның құндылық сипаттамасы ретіндегі әлеуметтік белсенділіктің маңыздылығымен анықталады.

1. Заттық-тәжірибелік оқыту сабақтары маңыздылығы тұрғысынан «естімейтін бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігі» кеңейтілген мазмұнына маңызды сипаттамасы негізделді;

2. Естімейтін бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігінің мазмұндық компоненттерінің (орындаушылық, бастамашылдық, жауапкершілік) қалыптасу деңгейінің төмендігідей анықталды; заттық-тәжірибелік оқыту сабақтары естімейтін 1-2 сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамытудың педагогикалық шарттары мен ерекшеліктері анықталды;

3. Заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында естімейтін 1-2 сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамытудың ғылыми-практикалық моделі әзірленді, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстармен тексерілді;

4. Заттық-тәжірибелік оқыту сабақтары негізінде естімейтін бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту бойынша вариативтік бағдарлама әзірленді.

**Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері, нәтижелері қорытындылары жарияланымдарының жеткілікті толықтылығын растау**: Польша Республикасының (Варшава қ.) Мария Гжегоржевска атындағы Арнайы педагогика Академиясында ғылыми тағылымдамадан өтті. Диссертациялық зерттеу жұмыстарынының нәтижелерін жариялау мақсатында 12-ден аса ғылыми жарияланымдар жарыққа шықты, оның ішінде Scopus деректер базасында 2 мақаласы және Білім және ғылым сапаны қамтамасыз ету комитетінің тізіміндегі журналдарда 3 мақаласы жарық көрген. Қазақстандық журналда және халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материялдарында жарияланған 7 ғылыми мақаласы жарыққа

көрді. Баспада жарияланған зерттеу материалдарының толықтығы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің жарияланымдарда келтірілген негізгі қағидалар мен нәтижелермен расталады, талаптарға толық сәйкес келеді.

**Ғылыми біліктілік жұмысына қойылатын талаптарға сәйкестігі**:

«6D010500 – Дефектология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Усенова Малика Эрмухамматовнаның «Заттық - тәжірибелік оқыту сабақтарында есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту» тақырыбындағы диссертация дербес, жалпы аяқталған, диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес жазылған жұмыс деп есептеймін.

Усенова Малика Эрмухамматовнаның дайындаған диссертациялық жұмысын философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Заттық - тәжірибелік оқыту сабақтарында есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту» тақырыбындағы жұмысын Диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамын.

**Шетелдік ғылыми кеңесші:**
**Мария Гжегоржевска атындағы**
**Арнайы педагогика Академиясының**
**PhD докторы, (Варшава қ, Польша)** **Диана Аксамит**

Мөртаңба: **Мария Гжегоржевска атындағы**

**Арнайы педагогика Академиясы**

**02-358 Варшава, Щенсливицкая көшесі, 40**

Пошта 34, тел.: 5893600

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы.

Жетінші маусым екі мың жиырма екінші жыл.

Осы аударманың мәтінін ағылшын тілінен қазақ тіліне аудармашы Досымова Мария Нурбаевна орындады.

Қолтаңбасы: ________

Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы.

Жетінші маусым екі мың жиырма екінші жыл.

Мен, Абданбеков Жеңісхан Мекемтасұлы, Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігімен 22.07.2003 жылы берілген № 0001528 лицензиясы негізінде қызмет ететін Алматы қаласының нотариусы, аудармашы Досымова Мария Нурбаевна қойған қолтаңбаның шынайлығын куәландырамын. Аудармашының жеке басы куәландырылған, жұмыс қабылеттілігі және өкілеттіктері тексерілген.

Тіркелген нөмірі: 1643

Төленген ақы: 1623 теңге

Нотариус

Нөмірленген және
баулықталған
6 (алты) парақта
Нотариус